

Егемен Қазақстан

 **Egemen.kz**

Экрандағы ерлік эпопеясы

Соғыстың сұрапыл жылдары... Қан майданның ортасында жүру былай тұрсын, ол туралы ойлаудың өзі күні бүгінге дейін ауыр. Қан майданда қаншама боздақтың қыршыннан қиылғанын ойлағанда жүрек әлі сыздайды. Иә, ешкім де, ештеңе де ұмытылмауға, адамзат сол қателіктен сабақ алуға тиіс. Ал сол бір отты жылдар бейнесі тасқа қалай басылды? Қазақ батырларының ерлігі экранда өз деңгейінде бедерлене алды ма?

«Мәншүк туралы дастан»: фильм қалай түсірілді?

Екінші дүниежүзілік соғыс туралы фильмдер дегенде ең бірінші ойға оралатыны – Мәжит Бегалиннің «Мәншүк туралы дастан» картинасы. Фильмге дайындық 1967 жылы басталып, 1968 жылы аяқталды. Ал 1969 жылы туындының толық аяқталғаны сүйіншіленгенімен, тек бір жыл өткеннен кейін ғана, яғни 1970 жылы 16 қазанда фильмнің таныстырылымы Мәскеуде өтті. Жаумен алысқан Мәншүк пен оның майдандастарының соғыстағы бір күні көрсетілген айтулы туынды бастапқыда «Мәншүктің соңғы күні» деп аталды. Бірақ сценарийді ұзақ талқылаудан өткізген түсірілім тобы фильм мазмұнына бірқатар өзгеріс енгізіп, «Батырдың соңғы күні», «Кейіпкердің бір күні», «Біздің Мәншүк» деген бірнеше рет атау берілді. Алайда ұсынылған атаулардың арасынан киностудия «Мәншүк туралы ән» атауын таңдап, киносценарий авторы – Андрей Кончаловский, режиссері – Мәжит Бегалин, операторы Әбілтай Қастеев болып бекітілді.

Иван Дмитриев, Никита Михалков, Наталья Орынбасарова, Виктор Авдюшко, Нұржұман Ықтымбаев, Олеся Иванова, Кәукен Кенжетаев, Иван Рыжов, Юрий Саранцев, Фарида Шәріпова сынды кіл мықтылардың басын қосқан айтулы фильмнің сценарийін Андрей Кончаловский арнайы Наталья Орынбасароваға лайықтап, актрисаның бар мүмкіндігін ескеріп жазған. Сондықтан болса керек, экранда жасындай жарқыраған бойжеткен естен кетпес ерекше рөл тудыра білді. 1969 жылы түсірілген фильм арада 55 жыл өтсе де әлі күнге дейін киносүйер қауым қызыға тамашалайтын бірегей туындылардың қатарында.

«Мәншүк туралы дастан» – мен түскен фильмдердің ішіндегі шоқтығы биігі. Себебі фильмнің сценарийін мықты кино маманы, сол кездегі жұбайым Андрей Кончаловский маған арнайы жазған болатын. Тіпті мені көргенде Мәншүктің анасы Әмина Мәметова да қызына қатты ұқсайтынымды айтты. Екіншіден, режиссер Мәжит Бегалиннің өзі де соғысты көзімен көріп, майдан даласынан бір қолынан айырылып оралған, бірақ соған қарамастан елі үшін қай жағынан болсын пайдамды тигізсем деп жүрген нағыз ұлтжанды азамат еді. Фильмнің барынша шынайы шығуына мән беріп, режиссермен көп кеңестім. Тіпті костюм суретшілерінің «етіктің ішінен бәрібір кадрда көрінбейді ғой, шұлық кие сал» дегеніне көнбей, бәрі шынайы болсын деп шұлғау орадым. Сол

секілді Мәншүк қолданған қару-жарақтың барлығын игеруге, үйренуге күш салдым. «Максим» пулеметі менің жан досыма айналды. Оны шашып, қайта жинауды, майлауды – бәрін-бәрін түсірілім алаңында жүріп үйрендім. Фильмде пулеметті сүйреп келе жатқан кадр бар. Сонда оның салмағы – 64 кило екен, ал мен ол кезде небәрі 47 кило едім. Жалпы, мен өнер жолын таңдаған кезде: «Сен хас сұлу емессің, сондықтан жолыңдағы барлық бәсекені шеберлігіңмен жеңуің керек» деп өз-өзіме іштей талап қойғаным бар. Сол маған өнердегі жолымның жарқын болуына көп септесті. Мәншүк – дәл сондай, бағымды ашқан рөлдерімнің бірі. Мәншүк арқылы мен тек бір ғана батырдың өмірбаяндық кескіндемесін жасаған жоқпын, майдан даласында ерлік көрсеткен барша бойжеткеннің жиынтық бейнесін сомдадым. Түсірілім соғыстан қатты зардап шеккен ел – Беларусь жерінде өтті. Сол кездің өзінде қанды қырғынның ызғары есіп тұратын. Қан тамған топырақтың үстінде жүріп фильм түсіру де бізге сұрапыл соғыстың шын қасіретін сезіндіргендей болды, рөлімізді жүрегіміз қан жылап жүріп ойнадық» деп ағынан жарылған екен актриса кезінде «Казахстанская правда» газетіне берген сұхбатында.

Бегалиннің өтелген парызы

Иә, шынымен де «Мәншүк туралы дастан» сол кездегі түсірілімге атсалысқан киногерлердің қай-қайсысына да қымбат туынды болатын. Себебі фильм режиссері Мәжит Бегалин майдан даласында болған, сұрапыл соғысты көзімен көрген. Тіпті Мәжит Бегалин Мәншүк соғысқан 100-ұлттық атқыштар дивизиясында болды. Кейін 1943 жылы кезекті бір шайқаста оң қолынан айырылған ол майданнан оралып, Мәскеудегі Бүкілодақтық кинематография институтының (ВГИК) режиссерлік факультетіне оқуға түсіп, С.А.Герасимов пен Т.Ф.Макарованың шеберханасын тәмамдайды. Кейін ол соғыс өртіне өжеттілігімен есте қалған қарулас қыздың батырлығын кино тілімен жеткізуге бел буады. Тіпті бұл мақсат режиссер Бегалиннің шығармашылық жұмысындағы басты мұраттарының біріне айналады. Бұл туралы жазушы, кинодраматург Дмитрий Снегин: «Мәжит Бегалинмен әңгімеміз ауыр күндерді еске алумен өрбитін. Себебі біз екеуіміз Мәншүк қаза болған жерде шайқастық. Бізде ортақ естелік көп еді. Екеуіміз үшін де майдан даласында ерлікпен қаза тапқан қазақ қызының жауға қалай қарсы тұрғанын көрсету – парыз деп білдік» деп жазады естелігінде.

Әу баста Мәншүк өмірін балалық шағынан бастап толықтай қамтуды мақсат еткен сценаристің еңбегі кейін жоғары жақтың талабымен біраз күзеліп, фильм деректі материалға негізделмеген кейіпкердің соғыстағы жалпылама және рәміздік сипатын ғана көрсете алды. Әйткенмен бұл фильм «Мәншүк бейнесін шынайы жеткізе алмады» деген жаңсақ пікір тудырмаса керек. Керісінше түсірілім тобы қаһарман қыздың бойындағы мақсатшыл, талапшыл, батыл әрі адал Мәншүктің бейнесін жан-жақты көрсетті, ол мақсатты Наталья Орынбасарова да өз

деңгейінде кәсіби шеберлікпен алып шықты. Оған дәлел – «Қазақ-фильм» киностудиясының көркемдік кеңесі Мәжит Бегалиннің режиссерлік жұмысына «Кинематографиялық ойлаудың тұтастығы, деректі оқиғалардың үйлесуі, көркем бөлшектердің экспрессивтілігі, жеке тұлғаны, лаконизмді және ұрыс көріністерінің ішкі шиеленісін ескере отырып, актермен жұмыс істеуіне дейін шебер орындалған» деген жоғары баға берген. Аталған фильмнен кейін де «Мәншүк» тақырыбын көркемфильм тілінде жаңаша игеріп көруге тырысқан режиссерлер болды, бірақ дәл Мәжит Бегалиннің шедевріндей шынайылық пен шеберлік шыңына шыққаны әзірге жоқ.

Айтұрғанның Әлиясы

«Шығыстың қос жұлдызы» атанған қазақтың қос батыр қызы Мәншүк пен Әлия десек, сол қатар аталатын егіз есімнің сыңары Әлия Молдағұлова туралы 1985 жылы «Мергендер» деген фильм түсірілді. Қырғыз режиссері Болат Шәмшиев таспалаған Әлияның өмірі мен ерлігі туралы фильмде басты рөлді қырғыз актрисасы Айтұрған Темірова сомдады. Сценарийін режиссердің өзі Сейілхан Асановпен бірлесе отырып жазады. Рас, кезінде фильмнің айналасында түрлі әңгіме де болды. Әйтсе де режиссер де, актриса да мерген Әлияның шынайы болмысын көрсетуге бар күшін салғаны аян. Бүгінгі ұрпақ Әлияның бейнесін тек мұрағаттарда сақталған бірді-екілі суреттері, осы фильмдегі Айтұрған сомдаған кейіпкер арқылы біледі. Ал актрисаның өзі болса жас кезде өзінің сүйікті кейіпкеріне соншалықты ұқсас болғанына таңғалатынын айтады: «Әлияның өмірбаяны бір атылған оқ сияқты қысқа» деп жазған бір автордың сөзі менің кейіпкерімнің тағдырын тура суреттеген секілді. Менің фильмографиямда Әлияның рөлі – ең ерекше, ең қадірлі рөл. Әлияның суретін алғаш рет көргенде: «Мен әскери формада қашан суретке түстім?» деп қатты таңғалғаным бар. Екеуміз судың екі тамшысындай ұқсас екенбіз» дейді актриса ағынан ақтарылып. «Қазақ ұлты неге мені осы образда құрметтейді, неге мені осы образда жақсы көреді деген сұраққа көп ойландым. Сосын түсіндім: осы фильмге түсер алдында Әлияның өмірін, ерлік жолын көп зерттедім, елге жазған хаттарын оқыдым. Оның жазған әр хатының әр жолындағы жасырынған сезімдерді сездім, түйсіндім, Әлияның таным көкжиегін, оның қазақ еліне деген махаббатын, оның армандарын көрдім. Әлияның дәл сол сәтте басқа жолмен жүре алмайтынын түйсіндім. Оның тағдыры еді бұл. Мен Әлияның қағаздағы өмірін зерттеп қана қоймай, соның кейпіне түсіп, көркем фильмдегі «майдан даласына» шықтым. Әлия кигендей ауыр шекпендерді, ауыр аяқкиімдерді киіп, зіл батпан қаруды асынып, қақаған қыста, шіліңгір шілдеде жер бауырлап жатып, «жаумен соғыстым». Сол образда фильмге түскенде тұтас жан-жүйеммен, санаммен Әлияның рухымен, Әлияның образымен өмір сүрдім. Сондай сұрапыл жылдары Әлиядай қайсар адам басқаша әрекет ете алмайтынын түсіндім. Әлия мен үшін жай ғана кейіпкер емес, оны соғыс жылдары қару асынған көп жауынгердің бірі

деп те жай ғана айта салуға болмайды. Маған Әлияның образына ену де, ол образдан шығу да өте қиын болды. Себебі терең мағыналы, сонысымен де әрі қадірлі, әрі ауырлау рөлдерге ену қаншалықты қиын болса, шығу да соншалықты ауыр болады», дейді Айтұрған Темірова Әлия рөлі туралы толғанып.

Иә, экран арқылы шебер сомдалған актриса ойыны шынымен-ақ қалың қазақтың жүрегінде Әлия болып жатталды. Ал тарихи фильм қазақ кинематографиясының алтын қорына енді. Сол секілді режиссер Бекболат Шекеров түсірген Екінші дүниежүзілік соғысқа қатысып, партизандар отрядын басқарған жазушы Әди Шәріпов туралы «1941 жылдың жазы» фильмі де көпшілік көңілінен шыққан сәтті туындылар қатарында. Картинадағы басты рөлді Азамат Нығманов сомдады. Актер бұған дейін де бірнеше әскери драмаға, оның ішінде «28 панфиловшылар» атты кинотаспаға түскен.

Жалпы, соғыс туралы, ондағы батырлардың көзсіз ерлігі тақырыбында қазақ кинематографиясында көркем фильмдер аз түсірілген жоқ. Тек сапалық һәм мазмұндық тұрғыдан деңгейі сан алуан. Солардың ішінде Тәуелсіздіктен кейін таспаланған туындылардың көшін бастайтыны – Ақан Сатаевтың «Бауыржан Момышұлы», жау тылында партизандық қозғалыстың қырағы жетекшісі ретінде көзге түскен Қасым Қайсенов ерлігін көрсеткен режиссер Леонид Белозоровичтің «Қасым» телехикаяларын ерекше атап өткеніміз абзал. Аталған туындылар туралы кино мамандарынан пікір сұраған едік.

Назерке ЖҰМАБАЙ